

Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардың және акцияларының (үлестерінің) бақылау пакеті мемлекетке тиесілі ұйымдардың қаржылық қызметтерді сатып алуының кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 16 шілдедегі № 813 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардың және акцияларының (үлестерінің) бақылау пакеті мемлекетке тиесілі ұйымдардың қаржылық қызметтерді сатып алуының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 14 қыркүйектегі № 960 қаулысына мынадай толықтыру мен өзгерістер енгізілсін:

1 - т а р м а қ т а :

3) тармақшадағы "Moody's" деген сөзден кейін "Investors Service (бұдан әрі - Moody's)" деген сөздермен толықтырылсын;

б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"6) Standard & Poor's шкаласы бойынша AAA, Moody's шкаласы бойынша Aaal төмен емес немесе Fitch Ratings шкаласы бойынша AAA төмен емес кредит рейтингі бар шетелдік эмитенттердің мемлекеттік емес бағалы қағаздарына;"

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"8) шетелдік банктердегі (Standard & Poor's шкаласы бойынша AAA немесе Moody's шкаласы бойынша Aaal төмен емес немесе Fitch Ratings шкаласы бойынша AAA төмен емес кредит рейтингі бар) салымдарға (депозиттерге) және шетелдік банктер (Standard & Poor's шкаласы бойынша AAA немесе Moody's шкаласы бойынша Aaal төмен емес немесе Fitch Ratings шкаласы бойынша AAA төмен емес кредит рейтингі бар) шығарған депозиттік сертификаттарға;"

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкін қоспағанда, шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындарды мемлекеттік басқару органдары болып табылатын және табиғи монополиялар субъектілерін, "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамын және пруденциалдық нормативтер мен активтерді әртараптандыру дәрежесіне қойылатын талаптарды қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган белгілеген қаржы ұйымдарын қоспағанда, акцияларының (үлестерінің) бақылау пакеті мемлекетке тиесілі ұйымдардың (бұдан әрі - Ұйымдар) акцияларының (үлестерінің) бақылау пакеттеріне иелік ету және пайдалану құқығын жүзеге асыратын мемлекеттік органдар:

Standard & Poor's шкаласы бойынша BBB, Moody's шкаласы бойынша Baa3 төмен емес немесе Fitch Ratings шкаласы бойынша BBB төмен емес кредит рейтингі бар

шетелдік эмитенттердің мемлекеттік емес бағалы қағаздарына;

2) шетелдік банктердегі (Standard & Poor's шкаласы бойынша ВВВ немесе Moody's шкаласы бойынша Ваа3 немесе Fitch Ratings шкаласы бойынша ВВВ төмен емес кредит рейтингі бар) салымдарға (депозиттерге) және шетелдік банктер шығарған депозиттік сертификаттарға бұрын орналыстырылған уақытша бос ақшаны Ұйымдардың осы қаулының 1-тармағында көрсетілген қаржы құралдарына 2012 жылғы 1 қаңтарға дейін орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

К. Мәсімов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК